

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім
бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» КММ

**2023-2024 оқу жылы бойынша
тәрбие жұмысының қорытындысы**

Арқалық, 2024 жыл

2023 – 2024 оқу жылында білім алушылармен тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мектепшілік жылдық тәрбие жоспары, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшілердің, кітапханашының, дене шынықтыру оқытушыларының және Арқалық қаласы ІІБ бірлескен жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылды.

Гимназияда 2023-2024 оқу жылының басында 12 сынып құрылды және әрбір сыныпқа жетекшілер тағайындалды. Оқу жылың басында 104 оқушы болса, қазіргі таңда 102 оқушы бар. Оның ішінде кәмелетке толған оқушы жоқ.

Жыл сайын гимназияның әлеуметтік паспорты құрастырылады. Ол үшін әр сыныптың әлеуметтік паспорты зерттеліп, отбасылардың категориялары мен құрамы анықталады. 2023-2024 оқу жылының әлеуметтік паспорты:

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушы саны –2;
- мүгедек – 1,
- ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушы – 13 көпбалалы отбасылардан – 11;
- аз қамтылған отбасылардан –7 оқушы
- атаулы әлеуметтік көмек алады-7 отбасы 14бала
- толық емес отбасынан – 6;
- өгей әкелерімен тұрады – 1;
- сенімхатпен туыстарында тұрады – 5;
- қолайсыз отбасынан – 2 (қалалық ішкі істер бөлімінің есебінде тұр);
- әлеуметтік көмек ретінде тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны – 23.

Оқу жылының басынан бастап қолайсыз отбасында тәрбиеленетін отбасыларға бақылау жүргізіліп, кәмелетке толмағандардың тұрғын үй-тұрмыстық, әлеуметтік-психологиялық тұру жағдайларына сараптама актілері жасалады. Ата-анасымен жеке консультациялар жүргізілді.

Дәстүрге айналған «қайырымдылық акциясы» қорынан әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан 4 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді.

Денсаулықтарына байланысты бас сүйек, ми зақымы сияқты диагноздармен диспансерлік есепте тұрған оқушы саны – 1. Олардың ішінен дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушы саны – 2. Былтырғы жылмен салыстырғанда диспансерлік есепте тұрған оқушы саны бойынша өзгеріс болмаса, дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушы саны сол қалпы қалды. 2023-2024 оқу жылының басында құқықбұзушылықтың және аутодеструктивті мінездің алдын алу мақсатында Арқалық қаласының полиция басқармасының басшысы Баймурзин Орал Токмурзаевичпен бірлескен жылдық жоспар жасалып, жұмыс жоспарға сәйкес атқарылды.

Қалалық ішкі істер бөлімінің есебінде тұрған оқушы жоқ (былтырғымен салыстырғанда азаю динамикасын байқап отырмыз).

Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып, сабаққа келмеу немесе кешігіп келу себептері түсіндіріліп, ата-аналармен, сынып жетекшілерімен тығыз байланыс орнатылды. Кезекші сынып жетекші

күнделікті сабаққа кешігіп келген оқушыларды арнайы журналға тіркейді. Айсайын мониторинг жүргізіп, жүйелі түрде сабаққа кешігетін оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Құқыбұзушылық пен аутодеструктивті мінезді алдын алу мақсатында әлеуметтік және психологиялық қызмет ағымдағы жұмысты білім алушылармен де, ата-аналармен де тоқтаусыз атқарды, олар профилактикалық әңгімелер, лекция, тестілеу, кездесулер, тренингтер, сынып жетекшілер тәрбие сағаттары, үй аралау және алдын алу әңгімелерін жүргізді. Аталған мәселелер жалпы ата-аналар жиналысында және сыныпта өткізілген ата-аналар жиналысында қаралды. 5 сынып оқушыларының ата-аналарынан балаларымен диагностика жұмыстарын өткізу үшін рұқсат хаттар алынды.

Психологиялық қызметтің жұмысы жоспарға сәйкес өткізілуде. Психодиагностика және жеке консультация нәтижесінде келесі санаттар бойынша оқушылар анықталды:

- сынып жетекшілердің өтініші бойынша жұмыс жасалған, мінез-құлық ауытқулары байқалған, тәртіп бұзған оқушылар – 0
- тоқсан сайын өткізілетін аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу диагностикасы бойынша ерекше назарда тұрған оқушылар – 0
- тоқсан сайын өткізілетін анонимды сауалнама бойынша ерекше назарда тұрған оқушылар – 1

Анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жасалып, ата-аналарына, тиісті оқытушыларға, балаларға кеңестер берілді, психологиялық түзету жұмыстары жалғасуда.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей қазіргі уақытта теологиялық оқу орындарында білім алғысы келетін оқушылар анықталған жоқ. Ислам нормаларын ұстанатын (намаз оқитын) оқушы жоқ.

Үйірме жұмыстары үйлесімді дамыған тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге ықпал етеді. Биылғы оқу жылында 4 үйірме, сонымен қатар 4 спорттық секция жұмыс істеді. Үйірме жұмыстары балалардың өмірін қызықты етеді. Физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасалды. Осы орайда мектепшілік іс-шараларға оқушыларды тартып, жақсы нәтиже көрсеткен келесі үйірме жетекшілерінің жұмыстарын атап өткім келеді «Домбыра» («Туған елге тағзым! Республика күніне орай салтанатты жиын, (20-ге жуық оқушы) күйлер тартты), «Жас актер» Тортай Ержан («Бабалар үні» көрінісімен «Әдебиет қаһармандарының шеруі» іс-шарасынның шымылдырығын ашты), «Вокал» Қайдарова О.Б. («Мектебім – мейірім мекені», «Туған елге тағзым!» салтанатты жиындарды, «Намысты жастар – болашаққа жол бастар», Хор байқауы, «Жігіт сұлтаны – 2023» іс-шараларда әншілер ән шырқады), «Жұлдыз-ай» Бабасов А.А. («Туған елге тағзым!», «Жігіт сұлтаны – 2023», «Жаңа жыл – 2024» ертеңгілігінде би биледі).

Ұсыныстар: Үйірмелер мен секция жетекшілері өз жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру, АКТ-ны қолдану, ата-аналар жиналысында жарнама беру арқылы оқушыларды барынша көп тартуы қажет. «Шахмат», «Еріктілер» үйірме жетекшілеріне жұмысты жандандыру қажет, жұмысты кестеге сәйкес өткізу қажет.

2023 - 2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тұжырымдамасы негізінде құрылды. Мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, шығармашыл тұлға тәрбиелеу. Мақсатты жүзеге асыру үшін тәрбиелік іс-шаралар «Ұлттық мүдде», «Талап», «Ар,ұят» құндылықтары аясында өткізілді.

1 қыркүйек күні “Мектебім-мейірім мекені” тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Жиынға 1-9 сынып оқушылары, ұстаздар, ата-аналар қатысты. Сонымен қатар 1-9 сыныптар арасында «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Қыркүйек айында тіл мамандары Тілдер күніне орай апталық өткізді: 5-сыныптар аралығында “Тіл-достықтың тірегі” атты апталықтың ашылуы өтті. «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» жалпықазақстандық ашық диктант, «Менің таңдауым – қазақ тілі» челленджі өткізілді.

Денсаулық күніне орай 7-9 сыныптар арасында «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. «Салауатты өмір салтын насихаттау» мақсатында физикалық жаттығулар жасады.

14 қыркүйек күні құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылармен Арқалық қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПТ УИП аға инспекторы полиция капитаны Қожанов С.Р. қатысуымен құқық минуты өткізілді.

1 қазан Қарттар күніне орай «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында 1-9 сыныптарда кездесулер өткізілді.

5 қазан күні дублер күні өтті.

5-9 сыныбының ұйымдастыруымен ұстаздар күніне орай «Ұстазым, саған мың алғыс!» мерекелік концерт өтті.

11 қазан күні «Мектеп Президентін сайлау» өтті. Сайлауға 4 үміткер қатысты.

Дауыс беру бекітілген ережелерге сай еркін және құпия түрде жүргізілді. Есеп жүргізген комиссияның шешімі бойынша 8 А сынып оқушысы Садық Динара басым дауыс жинап 2023-2024 оқу жылына мектеп Президенті болып сайланды.

20 қазан күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында 5-6 сыныптар арасында «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы өтті. Жалпы сайысқа 4 жұп қатысып, «Бас жүлде» иегерлері 6 сыныбының оқушылары Мусабаева Арайлым мен Оразбек Нұршат атанды. 7 сыныптар «Арқалықтың күзгі келбеті» көрмесін ұйымдастырды.

24 қазан күні құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері Қожанов С.Р. мен Баязи А.Ж. кездесу өтті.

24 қазан күні оқушылардың бойында патриоттық сезімдерін ояту, Республика күні яғни 25 қазан – ұлттық мереке екенін сезініп, қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу мақсатында «Туған елге тағзым!» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиында Арқалық қаласының туған күніне орай өткізілген «Домбыраның күмбірі-бар қазақтың бірлігі» атты мерекелік іс-шараға белсене ат салысқаны үшін оқушылар мен ұстаздарымыз директордың Алғыс хатымен марапатталды. 24 қазан күні «Адал Ұрпақ» клубының мүшелері өздерінің адал ниеттерімен елімізге қызмет етіп жатырған адал жандарға өздерінің көмек қолдарын созып, көмек

көрсетіп жанашырлық танытты. Бұл оқушыларымыздың бойында қалыптасқан жақсы бір тәрбие деп білеміз.

24 қазан күні «Адалдық дүкені» акциясы ұйымдастырылды.

15 қараша-Ұлттық валюта күніне орай гимназия кітапханасында «Ұлттық теңге -Тәуелсіздігіміздің символы» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты - оқушыларға алғаш төл теңгеміздің тарихымен,жетістіктері мен ерекшеліктеріне тоқтала отырып, монеталардың қалай жасалатыны,жалған ақша мен банкнотты қалай ажыратуға болатыны туралы толыққанды ақпараттар берілді. "Төрт тоқсан-төрт өнер" жобасы аясында "Алтын сақа" ойыны өткізілді. Мақсаты: қазақстандық патриотизмді қалыптастыру; ұлттық құндылықтарды дәріптеу, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу. Ойын барысында оқушылар асық ойындарының түрлерімен танысты. Мәселен, ұмыт болуға айналған қол жоң, манай, шұбырту, төрт шүкейт. Халқымыздың ұлттық дәстүрін дәріптеуге бағытталған шаралар әлі де жалғасын табады.

14 қараша күні "Адал Ұрпақ" ерікті клубы мүшелерінің төс белгі тағу рәсімі өтті.

15 қараша күні жасөспірімдердің бойында өз Отанына деген адалдық сезімдерін, отан мүдделерін қорғауда, конституциялық міндеттерін және азаматтық борышын орындауда жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Жас сарбаз» үйірмесінің ұйымдастыруымен пневматикалық мылтықпен оқ ату жарысы өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша: 8 сыныбы жүлделі 1 орынды;9 сыныбы жүлделі 2 орынды; 9 Б сыныбы жүлделі 3 орынды иеленді.

17 қараша күні кітапханашылардың ұйымдастыруымен 5-6 сыныптар арасында «Кел, балалар, оқылық!» атты байқау өткізілді. Мақсаты: Алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармашылығымен оқушыларды таныстыру; Ыбырай Алтынсариннің еңбектері туралы білімдерін одан әрі шыңдау, танымдық көзқарастары мен шығармашылық ізденістерін дамыту; Нәтижесінде «Бас жүлде» иегері 6 сынып оқушысы Мусабаева Арайлым, 1 орынды 7 сынып оқушысы Сабыржан Гүлжан, 2 орынды 8 сынып оқушысы Садық Динара, 3 орынды 5 «А» сынып оқушысы Алихан иеленді.

1 желтоқсан күні дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай Арқалық аймақтық емханасының дәрігері Саяпин Василий Николаевич пен Арқалық аймақтық емханасының психолог маманы Серікбаева Жанерке Қуандықовнамен кездесу өтті.

Кездесуде оқушылардан өздеріне қойылған сұрақ-жауап, сыртқы факторлардың әсері, психологиялық кедергілер, викториналық сұрақтарға жауап алып, өз деңгейінде өтті. Күтілетін нәтижеде: күнделікті өмірлерінде уақытты жоспарлай білулері, уақытты тиімді пайдаланулары, уақытты босқа өткізбеулері, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің, залалын жан –жақты меңгерту,зиянды әдеттен барынша аулақ болулары керек екендігі айтылды.

Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орай 9 сыныбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға ЖИТС-ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды әдеттен барынша аулақ болуға шақыру. ЖИТС-ның адам өміріне

зиянды әсерін аша отырып, олардың сана - сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір суруге азаматты жауапкершіліктерін орнықтыру. Сынып сағатына сынып оқушылары толық қатысты. Оқушылар 2 топқа бөлініп, ЖИТС туралы білетіндерін ортаға салды.

19 желтоқсан күні «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» бағдарламасы аясында 1-9 сыныптар арасында «Туған елге тағзым!» хор байқауы өтті. Мақсаты: оқушылардың бойында отансүйгіштік, махаббат және Отанға деген құрметті арттыру. Байқау нәтижесінде 2 ауысым бойынша «Бас жүлде» - 7 сыныбы, 1 орын – 6, 2 орын – 5, 3 орын – 7 Б сыныбы иеленді. 1 ауысымда «Бас жүлде» - 9 А сыныбы, 1 орын – 9 Б, 2 орын – 8, 3 орынды 8 Б сыныбы иеленді.

20 желтоқсан күні "Әдебиет қаһармандарының шеруі" өтті. Шараның басты мақсаты- әдебиетте өзіндік қолтаңбасы бар тұлғалардың шығармашылығын қайта жаңғырту және тіл мәдениетін көтеру. Шеру шымылдығын «Бабаларым, рахмет саған!» театрландырылған қойылымымен Қалмағанбетова А жетекшілік ететін «Жас актер» үйірме мүшелері ашты. Нәтижесінде, 8 «А» сынып оқушысы 1-орынды иеленсе, 2-орынды 5 «а» сынып оқушысы, 5 «Б» сынып оқушысы, 3-орынды 6 «А» сынып оқушысы қанжығасына байлады. Өзге қатысушылар «Көрермен көзайымы», «Үздік сахналық образ», «Жарқын бейне», «Сөз шебері», «Жас талап» номинацияларымен марапатталды.

15 желтоқсан күні «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында 5-6 сыныптар бойынша шахмат турнирі өтті. Мақсаты шахмат ойынын кеңінен насихаттау, спортшылар арасында достық байланысты бекіту. Нәтижесінде 1 орынды 5 А сыныбының оқушысы 7Алихан, 2 орынды 6 А сыныбының оқушысы Мусабаева Арайлым, 3 орынды 8 сыныбының оқушысы иеленді. Жеңімпаздар медаль және мадақтамалармен марапатталды.

20 желтоқсан күні парламентінің ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында «Жігіт сұлтаны-2023» байқауы өтті. Нәтижесінде «Жігіт сұлтаны - 2023» атағына ие болған 9 сынып оқушысы 1 орын Тортай Ержан, 2 орын Оразбек Нұршат, 3 орын Утебай Жансұлтан және Садық Ақжол иеленді.

Желтоқсан айының 22-28 күндер аралығында «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында 1-9 сыныптар арасында «Үздік кабинет безендіру», «Үздік шырша», «Үздік құпия санта», Қош келдің, жаңа жыл іс-шаралары жоғары деңгейде өтті.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы жоспарға сәйкес өткізілді. Мектеп психологы 5-9 сынып оқушыларымен 15-30 қараша аралығында зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша сауалнама жүргізді.

Балаларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру мақсатында 5-9 сыныптар бойынша «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысын, «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыпта сынып сағаттары өтті. 5-6 сыныптарда «Мы против травли и школьного буллинга» жаһандық құзыреттілік пәні арқылы оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының 1 ж/ж жоспарға сәйкес өтпеген іс-шаралар: «Жас ұлан» ұйымына қабылдау, «Толағай» жарысы, 7-9 сыныптар арасында

волейбол турнирі және «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Тоғызқұмалақ-day» турнирі.

Ұсынамын: өтпеген іс-шаралар алдағы уақытта ұйымдастырылсын.

Мектеп оқушылары мектепшілік іс-шараларға қатысты, бірақ мектеп өміріндегі оқушылардың белсенділігінің деңгейі әртүрлі. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысы мен ұйымшылдығы, балаларды қызықтыру, әр баланы іс-әрекетке қатыстыра білуіне байланысты.

1-4 сынып жетекшілердің арасынан мектепшілік іс-шараларға қатысу және дайындығы жағынан Абдрахманова Ж.Т. айта өткім келеді. Яғни, іс-шараға жауапкершілікпен, сапалы дайындықпен қатысады. 5-9 сыныптар арасында қатысу белсенділігі 6-7, 8 А сыныптарда байқалады. Аса жауапкершілік танытатын сынып жетекшілер Кабиева В.М., Сәрсен Т.Е. атап өткім келеді.

Сынып жетекшілер жұмысын жоспарға сәйкес өткізді. Сынып сағаттары мен құқықтық сағаттары уақытылы өтті. Сынып сағаттарының тақырыптары электрондық күнделікте толтырылған. Осы орайда 5 сыныбының жетекшісі Нағашыбай А.Ш. мен 5 “Б” сыныбының жетекшісі Садуақасова С.Г. атап өткім келеді, яғни оқушыларды бағалап, қатыспаған оқушылар жөнінде белгіленген.

Ұсынамын: Сынып сағаттарының тақырыптары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болып, электронды журналды уақытылы толтыру керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Әр аптаның дүйсенбі күндері Қазақстан Республикасының Әнұраны міндетті түрде орындалуы дәстүрге айналды.

Мектеп кітапханасы оқу жылының басынан бастап оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыстар жүргізуде. Іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілуде. Бірінші жарты жылдықта ауқымды іс-шаралардан 5-6 сыныптар арасындағы «Кел, балалар, оқулық!» байқауын атап өтуге болады. Осы сияқты кітапхана жұмысын түрлендіріп, белсенді атқаруға ұсыныс беремін.

2022-23 2023-24 оқу жылдарының кітапхана қызметінің салыстырмалы мониторингі:

№	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Оқырмандар саны	
	20	21
2	Келу саны	
	77	79
3	Кітап берілу саны	
	74	81

Кітапханаға келетін сыныптар 5-7 сыныптар, 9 сыныптардан 5-6 оқушы. Ұстаздардын: Сәрсен Т.Е., Исмагулова С.К., Дуйсенбаева Л.Г., Серикбаева Т.А., Кабиева В.М., Махатова Л.Б.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жылдың үздік оқырманы» байқауы жалғасуда. Қазіргі таңда 21 қатысушыдан белсенді кітап оқып жүр

17 оқушы, 3 мұғалім және 1 ата-ана. Былтырғымен салыстырғанда қатысушы саны көбейді, ата-ана қосылды.

Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылынан бастап «Балалар шығармашылығының көрмесі», «Үздік сынып», «Алтын сақа», «Ұлттық тәрбие күні» сияқты жобалар жүзеге асырылуда.

«Ұлттық тәрбие күні» жобасы оқушылардың да, мұғалімдердің де, ата-аналардың да жүрегінен орын тапты. Ұлттық киімдердегі ою-өрнектерді сақтай отырып, заманға қарай ыңғайлы сан алуан әшекейлермен көмкерілген киімдерді күнделікті өмірде қолданысқа енгізу, ұлттық киімдер арқылы жастардың бойына патриотизм, ұлттық сана сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын тұлға тәрбиелеу мақсатында әр жұма сайын ұстаздар мен оқушылар ұлттық нақышта киінеді. Жоғары сынып қыз балалары ұлттық нақыштағы шашбау, алқа, сырғаларын тағып қазақ қызына тән ибалығын көрсеткенде көз қуанады. Ер балаларымыз ұлттық оюмен безендірілген жейдемен сабырлы, өр тұлғалы қазақтың батырларындай көрінеді. Жобаны жүзеге асыру барысында сынып жетекшілер мен ата-ана арасында орнатылған тығыз жұмыс байқалды. Ұсыныс: Әкімшілік пен пән мұғалімдеріне біркелкі ұлттық киім кию. Әр жұма сайынғы сабақтарда «ұлттық мүдде» құндылықтарын сабақ жоспарына енгізу.

Оқушының бойында тәртіптілік, әдептілік, жауапкершілік қасиеттерін дамыту мақсатында «Үздік сынып» жобасы ұйымдастырылуда. Аралық бақылау нәтижесінде белсенділік байқалады. Соның ішінен 2, 6, 7, 8 мен 5А сыныптарын атап өткім келеді. Сынып жетекші мен сынып президенті арасында тығыз жұмыс орнатылғаны анық. Аралықы бақылау қорытындысы бойынша қазіргі таңда «Үздік сынып» болып танылған 7 мен 6 сыныптары.

Ұсыныс: Бастауыш сынып жетекшілеріне белсенділік және жауапкершілік танытуға. Сынып президентінің жұмысын қадағалауға.

Мектептің өзін-өзі басқару, яғни мектеп парламенті, өз жұмыстарын атқаруда.

Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмысы сынып жетекшілерімен, педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста, аға тәлімгер жетекшілігімен өтеді. Қазан айында мектеп парламентінің президент сайлауы өтті. Сайлауға 4 үміткер қатысты: Есеп жүргізген комиссияның шешімі бойынша, ең көп дауыс жинаған 8 А сыныбының оқушысы Садық Динара мектеп президенті болып сайланды.

Ай сайын Парламент отырыстары өткізіліп, онда ұжымдық іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері талқыланып, идеялар ортаға салынып, сценарийлер әзірленеді. Осы орайда 1 жартыжылдықта 5-6 сыныптар арасында «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы, «Бір бауырсақ – бір мақал» акциясы, «Біз вейпингке қарсымыз» қабырға газет сайысы, 8-9 сыныптар арасында «Жігіт сұлтаны – 2023» байқауы, «Үздік құпия Санта» мен «Үздік безендіру» байқаулары жақсы деңгейде өтті.

Дәстүрге айналған «марапаттау жиыны» да нәтижесін берді. Себебі сахнаға шығып, барлық оқушыларының алдында марапат алу оқушы үшін үлкен мәртебе. Оқушының бойында өзіне деген сенімділік туып, әрі қарай жетістікке қол жеткізуге мотивация пайда болады.

Қантар айында :«Ұлттық код – еліміздің болашағының кепілі», "Тілім менің,баға жетпес байлығым", «Әдептілік, ар-ұят - адамдықтың белгісі», «Мамандық таңдай біліміз бе?» түрлі әдістермен жүргізілді.

Ақпан айындаҮ“Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ел”, "Білім-болашақтың бастауы",«Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас», «Кітап – білім бұлағы», «Ризашылық пен алғыс»

1 наурыз – Алғыс айту күні аяқталды

Наурыз айында:«Ана-өмір, ана-жыр» **8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні**, "22-наурыз Ұлыстың ұлы күні" , «Отбасы. Отбасылық дәстүрлер», "Ұлдан ұлағат, қыздан инабат"

Сәуір айында: Жоғары сынып оқушыларының арасында «Нашақорлыққа жол жоқ!» акциясы өтізілді.

11-сәуір күні жоғары сынып ер балаларына арнап дәрігер маманы Саяпин Василий Николаевич арнайы шақыртылып, АҚТҚ/ЖҚТБ инфекциясы, темекі, нашақорлықтың зияндылығы туралы түсіндірме жұмысын жүргізді.

«Әлемдегі терең сыр ғылыммен ғана ашылмақ» **12 сәуір - Ғылым күні**, **13-сәуір «Таза өлке» акциясы аясында** «Тазалық – денсаулық кепілі!» ұстаздар арасында сенбілік өткізілді. "Достық қымбат өмірде", Қазақ халқының табиғатты қорғау құндылықтары өтті. 17-сәуір күні «Талантты отбасылар» отбасылық сайыста Мусабаеттар II орынға ие болды.

Мамыр айында: «Ел бірлігі – ең асыл қасиет.**1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні**,

Ер – елінің қорғаны **7 мамыр-Отан қорғаушылар күні**, «Ер есімі – ел есінде» ұранымен Жәуке батыр ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. **9 мамыр-Жеңіс күні**, «Өзекті өртер шындық». **31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын** еске алу сабағымен аяқталды. Жоспардан қалыс болған жоқ

Ата-аналарға арналған сауалнама,тесттер және сұрақ жауаптар алынды және оларды нұсқаулықтар мен де таныстырып отырдым. Ата-аналарға барлық жыл мезгілінің қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып,қауіпсіздік дәптеріне қол қойылып берілді.Сонымен қатар демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне жауапты екендігі таныстырылды. Барлық тоқсан сайын ата-аналар жиналыстары уақытылы өтілді. Мектеп-ата-ана-оқушы арасындағы байланыс жыл бойы үзілмеді.

17-мамыр күні мектепшілік ата аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша ата аналар марапатталды. Құқық бұзушылықтың алдын алу, жазғы қауіпсіздік ережелері туралы сала мамандары келіп баяндама жасады. Аутодеструктивті мінез құлық салдары одан шығу жолдары, зорлық зомбылықтың жаңа заңы бойынша түсінік берілді. Сенім хатпен отырған оқушылар санын азайту күн тәртібіндегі өзекті мәселе болды.

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы алғанда, ұстаздар қауымы алға қойылған міндеттерді орындағанын атап өту керек. Сынып жетекшілер балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін жақсы деңгейде басқарды. Барлық оқу-тәрбие іс-шараларын үйлестіру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор,

адал, саналы, шығармашыл тұлға тәрбиелеу мектебімізде оқу-тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұл әр түрлі деңгейдегі оқушылардың, сыныптың жетістіктерінен көрінеді.

Мектеп директоры:



Дуйсенбаева Л.А